

## Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қантардағы N 223 Заңы.

**ЗҚАИ-ның ескертуі.**

**Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 13-баптың 1-тarmaғынан қараңыз.**

### МАЗМҰНЫ

Осы Заң жеке, занды тұлға (филиал мен өкілдік) үшін сәйкестендіру нөмірін қалыптастырудың негізінде сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жасау мен жүргізуудің мақсаттарын, міндеттерін, принциптері мен құқықтық негіздерін айқындайды.

### 1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

#### 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау разряды – жеке сәйкестендіру нөмірін құрайтын цифрлық символдардың реттілігін аяқтайтын, оның қалыптастырылуының дұрыстығын бақылауға арналған цифрлық символ;

1-1) бизнес-сәйкестендіру нөмірі – занды тұлға (филиал мен өкілдік) және қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;

2) Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімі – Қазақстан Республикасының аумағында құрылған және қызметін тоқтатқан занды тұлғалар (филиалдар мен өкілдіктер), қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер туралы мәліметтерді есепке алуға және сақтауға, берілген бизнес-сәйкестендіру нөмірлері туралы мәліметтерді қалыптастыруға және сақтауға арналған мемлекеттік дерекқор;

3) жеке сәйкестендіру нөмірі – жеке тұлға үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;

4) Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімі – жеке сәйкестендіру нөмірлері туралы ақпаратты және олар берілген жеке тұлғалар туралы мәліметтерді қалыптастыруға, есепке алуға, сақтауға арналған мемлекеттік дерекқор;

5) мемлекеттік уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - сәйкестендіру нөмірлерін қалыптастыруды және сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жүргізууді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

6) сәйкестендіру нөмірі - сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінде белгілі бір тұлғага қатысты мәліметтер туралы жазбаны жүргізуге мүмкіндік беретін сандық

нышандар кезектілігі түрінде көрсетілген жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

7) сәйкестендіру нөмірі бар құжат - тіркеу органды беретін, сәйкестендіру нөмірінің бар екендігін растайтын құжат;

8) сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру - нәтижесінде сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінде жеке және заңды тұлғалар (филиалдар мен өкілдіктер) туралы мәліметтердің негізінде уәкілетті орган сәйкестендіру нөмірін құратын процесс;

9) сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері - жеке және бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің тіркеу есептерін жүзеге асыруға арналған ақпараттық жүйелер;

10) тіркеуші органдар – мәліметтерді тіркеуді және сәйкестендіру нөмірі бар құжаттарды беруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы.

2. Қазақстан Республикасының сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы заңнамасының осы бапта көрсетілмеген арнайы ұғымдары осы Заңың тиісті баптарында айқындалатын мағыналарда пайдаланылады.

3. Құжаттарда сәйкестендіру нөмірлерін көрсеткен кезде:

1) ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі үшін;

2) БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі үшін ресми қысқарту болып танылады.

**Ескерту.** 1-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2012.12.24 № 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (01.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.11.2019 № 272-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2024 № 82-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**2-бап. Қазақстан Республикасының сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

**3-бап. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жасаудың, жүргізуіндегі және сәйкестендіру нөмірін қалыптастырудың мақсаты мен міндеттері**

1. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жасау мен жүргізуіндегі мақсаты Қазақстан Республикасында сәйкестендіру нөмірін енгізу негізінде белгілі бір тұлғаға қатысты мәліметтерді тіркеудің бірыңғай жүйесіне көшу болып табылады.

2. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жасау мен жүргізу дің міндеттері:

1) мемлекеттік органдардың ақпараттық дерекқорларына өзекті сипат беру және ақпараттың қайталануын болғызыбау;

2) электрондық ақпараттық ресурстарды басқару мен пайдалану тетігін жетілдіру;

3) жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасын олардың жүгінуі кезінде рәсімдерді жеделдешту және оңайлату арқылы жетілдіру болып табылады.

3. Жеке немесе заңды тұлға (филиал мен өкілдік) үшін сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдеріндегі және мемлекеттік органдар мен өзге де мемлекеттік мекемелердің ақпараттық жүйелеріндегі белгілі бір жеке немесе заңды тұлғага (филиал мен өкілдікке) қатысты мәліметтерді сақтау үшін жүзеге асырылады.

4. Сәйкестендіру нөмірі:

1) азаматтық хал актілерін тіркеу;

2) жеке басты куәландыратын құжаттарды беру;

3) жылжымайтын, жылжымалы мүлік объектілерін, сондай-ақ жылжымайтын заттарға теңестірілген өзге де объектілерді мемлекеттік тіркеу;

4) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыруын қоспағанда, төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сактандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды аудару, сондай-ақ салықтық міндеттемелерді орындау;

5) шетелдік корреспондент-банктердің корреспонденттік шоттарын және бейрезидент-заңды тұлғалардың, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың жинақ шоттарын қоспағанда, банктерде, бейрезидент-банктердің филиалдарында және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда банктік шоттарды ашу және жүргізу;

6) рұқсат беру сипатындағы құжаттарды беру;

7) тіркеу сипатындағы құжаттарды беру;

8) әскери билетті, офицердің жеке куәлігін беру;

9) статистикалық тіркелімдерді жүргізу;

10) сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;

11) сайлаушыларды сайлауларда және республикалық референдумдарға қатысу кезінде тіркеу;

12) орталық мемлекеттік органдар мен өзге де мемлекеттік мекемелердің ақпараттық жүйелерін жүргізу;

13) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) немесе филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу (қайта тіркеу);

14) дара кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) кезінде;

15) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген басқа да жағдайларда қолданылады.

Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.03.19 № 258-IV, 2012.12.26 № 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.12.2013 № 152-V (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі); 16.11.2015 № 406-V (01.07.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.01.2021 № 407-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Зандарамен.

#### **4-бап. Сәйкестендіру номірлерінің ұлттық тізілімдерін жасау мен жүргізу дің және сәйкестендіру номірін қалыптастырудың принциптері**

Сәйкестендіру номірлерінің ұлттық тізілімдерін жасау мен жүргізу, сәйкестендіру номірін қалыптастыру заңдылық, бірлік, міндептілік, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және қорғау, құпиялылық, электрондық ақпараттық ресурстардың тұластығы мен сақталуын қамтамасыз ету принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады.

#### **5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті**

Ескерту. 5-бап алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Заңымен.

#### **6-бап. Уәкілетті органның құзыреті**

Уәкілетті орган:

1) өз құзыреті шегінде сәйкестендіру номірлерінің ұлттық тізілімдерін жасау, жүргізу және пайдалану жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді өзірлейді;

2) сәйкестендіру номірлерінің ұлттық тізілімдерінің жүргізілуін жүзеге асырады;

2-1) сәйкестендіру номірін қалыптастыру тәртібін белгілейді;

2-2) сәйкестендіру номірлерінің ұлттық тізілімдерін құру, жүргізу және пайдалану тәртібін белгілейді;

3) сәйкестендіру номірін қалыптастыруды орталықтандырылған түрде жүзеге асырады әрі тіркеуші және басқа да мемлекеттік органдар мен өзге де мемлекеттік мекемелерге ақпарат береді;

4) сәйкестендіру номірі бар құжаттардың өзірленуін ұйымдастыруды жүзеге асырады;

5) сәйкестендірілген деректердің сыныптауыштары мен анықтамаларын жүргізу тәртібін, олардың құрылымын, құрамы мен форматын белгілейді;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.11.2019 № 272-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) **Заңдарымен.**

#### **7-бап. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жүргізу**

1. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жүргізу тиісті ақпараттық жүйелермен қамтамасыз етіледі.

2. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, мекемелерінің және өзге де заңды тұлғаларының ақпараттық жүйелері үшін электрондық ақпараттық ресурс болып табылады.

3. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері:

1) сәйкестендіру нөмірлері туралы мәліметтерді;

2) тіркеуші және басқа да мемлекеттік органдар мен өзге де мемлекеттік мекемелерден алынатын мәліметтерді;

3) сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінің құрамына кіретін мәліметтердің барлық өзгерістері туралы ақпаратты қамтиды.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.11.2019 № 272-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 16.05.2024 № 82-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) **Заңдарымен.**

#### **8-бап. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жүргізууді жүзеге асыратын тіркеуші органдардың, мемлекеттік органдар мен өзге де мемлекеттік мекемелердің міндеттері**

Ескерту. 8-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 02.04.2019 № 241-VI Заңымен (01.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Уәкілетті орган:

1) тіркеуші органдар өтініш берген кезден бастап бір жұмыс күні ішінде сәйкестендіру нөмірін қалыптастыруды;

2) тіркеуші органдар мен өзге де мемлекеттік мекемелер өтініш жасаған кезден бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей, оларға ақпарат беруді жүзеге асыруға міндетті.

2. Тіркеуші органдар:

1) сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру үшін уәкілетті мемлекеттік органға мәліметтерді, осында мәліметтер келіп түсken кезден бастап бір жұмыс күні ішінде уақтылы ұсынуды;

2) сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері ақпараттық жүйелерінің деректерін толықтыру және өзектілік жағдайда ұстасу үшін уәкілетті органға мәліметтерді, осындай мәліметтер келіп түскен кезден бастап бір жұмыс күні ішінде ұсынуды;

3) сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінен сәйкестендіру нөмірлерін алып тастау немесе шартты түрде алып тастау үшін уәкілетті органға мәліметтерді, осындай мәліметтер келіп түскен кезден бастап бір жұмыс күні ішінде ұсынуды жүзеге асыруға міндетті.

### 3. Мемлекеттік органдар және өзге де мемлекеттік мекемелер:

1) сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінің ақпараттық жүйелерінің деректерін толықтыру және өзектілік жағдайда ұстасу үшін уәкілетті органға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мәліметтерді, осындай мәліметтер келіп түскен кезден бастап бір жұмыс күні ішінде ұсынуды;

2) сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінен сәйкестендіру нөмірлерін алып тастау немесе шартты түрде алып тастау үшін уәкілетті органға мәліметтерді, осындай мәліметтер келіп түскен кезден бастап бір жұмыс күні ішінде ұсынуды жүзеге асыруға міндетті.

4. Сәйкестендіру нөмірлері ұлттық тізілімдерінің ақпараттық жүйелерінде электрондық ақпараттық ресурстарды қорғауды қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жүргізу бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (01.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі)**  
**Зандарымен.**

## **2-тарау. СӘЙКЕСТЕНДІРУ НӨМІРІН ҚАЛЬПТАСТЫРУ, АЛЫП ТАСТАУ НЕМЕСЕ ШАРТТЫ ТҮРДЕ АЛЫП ТАСТАУ**

### **9-бап. Сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру**

1. Сәйкестендіру нөмірін интегралдық микросхемаға енгізуді Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қамтамасыз етеді.

2. Жеке сәйкестендіру нөмірін қамтитын интегралдық микросхема осы баптың 3-тармағының "2), 3), 4), 4-1), 5), 6), 7) және 9) тармақшаларында көрсетілген жеке басты куәландыратын құжаттарға орналастырылады.

### 3. Мыналар:

1) түу туралы куәлік;

1-1) баланың түу туралы медициналық куәлігі;

2) Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;

3) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;

- 4) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат;
- 4-1) қандас куәлігі;
- 5) азаматтығы жок адамның куәлігі;
- 6) Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспорты;
- 7) Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты;
- 8) шетелдіктер мен азаматтығы жок адамдар үшін тіркеу куәлігі;
- 9) жол жүру құжаты жеке сәйкестендіру нөмірі бар құжаттар болып табылады.

#### 4. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі бар құжаттар:

1) алып тасталды - ҚР 30.11.2016 № 26-VI Заңымен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

2) резидент заңды тұлғалар, олардың филиалдары (өкілдіктері) үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

3) қызметтің филиал мен өкілдік арқылы (тұрақты мекеме құра отырып) Қазақстан Республикасында жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар үшін – филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

#### 4) мыналар:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 650-бабының 8-тармағына сәйкес салық агенттері болып табылатын;

Қазақстан Республикасында салық салу объектілерін иеленетін;

Қазақстан Республикасында аккредителген шет мемлекеттің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері болып табылатын;

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 220-бабының 9-тармағына сәйкес қызметтің өзінің тұрақты мекемесі ретінде қаралатын тәуелді агент арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғалар үшін тіркеу куәлігі болып табылады.

5. Мемлекеттік органдар мен өзге де мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеу, рұқсат беру және өзге де сипаттағы құжаттарды берген кезде сәйкестендіру нөмірін ескеруге міндettі.

Банктер, бейрезидент-банктердің филиалдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдар сәйкестендіру нөмірін ескеруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қалыптастыру алгоритміне сәйкес бизнес-сәйкестендіру нөмірінің және (немесе) есептеу алгоритміне сәйкес жеке сәйкестендіру нөміріндегі бақылау разрядының дұрыс көрсетілуін бақылауға міндettі.

#### 6. Жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру:

1) Қазақстан Республикасының азаматтары үшін бірінші рет:

баланың туу туралы медициналық куәлігін;

туу туралы күелікті;  
Қазақстан Республикасы азаматының паспортын;  
Қазақстан Республикасы азаматының жеке күелігін беру кезінде;  
2) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін бірінші рет:  
баланың туу туралы медициналық күелігін;  
тіркеу күелігін;  
Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат;  
азаматтығы жоқ адамның күелігін беру кезінде;  
2-1) этникалық қазактар үшін қандас мәртебесін беру кезінде жүзеге асырылады.

**3) алып тасталды - КР 25.11.2019 № 272-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

Бала асырап алу, сондай-ақ жеке сәйкестендіру нөміріндегі бақылау разрядының есептеу алгоритміне сәйкес келмеу жағдайларынан басқа, осы тармақта көрсетілген құжаттарды қайтадан және одан кейін беру кезінде жаңа жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру жүргізілмейді.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру олар Қазақстан Республикасының аумағында болған кезде және тіркеу органдарына тек жеке өзі жүгінген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке басын сәйкестендіру мақсатында жүзеге асырылады.

7. Өзіндік кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғаны дара кәсіпкер ретінде тіркеу жеке сәйкестендіру нөмірі бойынша жүргізіледі.

Өзіндік кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу кезінде жаңа жеке сәйкестендіру нөмірі берілмейді.

8. Бизнес-сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру:

1) бірлескен дара кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер үшін бірлескен дара кәсіпкерлікті мемлекеттік тіркеу кезінде бір мезгілде;

2) резидент занды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері үшін оларды тіркеу кезінде бір мезгілде;

3) Қазақстан Республикасында филиалдар мен өкілеттіктер арқылы (тұрақты мекеме құра отырып) қызметін жүзеге асыратын резидент емес занды тұлғалар үшін оларды есептік тіркеу кезінде бір мезгілде;

4) мыналар:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 650-бабының 8-тармағына сәйкес салық агенттері болып табылатын;

Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері болып табылатын;

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 220-бабының 9-тармағына сәйкес қызметтің өзінің тұрақты мекемесі ретінде қаралатын тәуелді агент арқылы жүзеге асыратын;

филиал, өкілдік ашпай қызметтің тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын;

Қазақстан Республикасында салық салу объектілерін иеленетін;

резидент-банктерде, бейрезидент-банктердің филиалдарында ағымдағы шоттар ашатын бейрезидент-занды тұлғаларды мемлекеттік кірістер органында салық төлеушілер ретінде тіркеу кезінде жүзеге асырылады.

9. Сәйкестендіру нөмірінің құрылымына кіретін мәліметтер өзгерген жағдайда қайта тіркеу рәсімі жүргізілмейді.

10. Жеке және занды тұлғалардың (филиалдар мен өкілдіктердің) сәйкестендіру нөмірін қалыптастыруға арналған етініштерін тіркеу не қабылдау:

1) нақты болатын жері бойынша:

жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру үшін;

2) алып тасталды - ҚР 25.11.2019 № 272-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) бірлескен дара кәсіпкерліктің уәкілетті адамының тұрғылықты жері бойынша;

4) орналасқан жері бойынша:

занды тұлғалар (филиалдар мен өкілдіктер) үшін, соның ішінде Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметтің жүзеге асыратын резидент емес занды тұлғалар үшін;

5) мұлкі "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексінің) 650-бабының 8-тармағына сәйкес салық агенті болып табылатын бейрезидент-занды тұлғаның өткізілген акциялары, қатысу үлестері немесе активтері құнының 50 және одан көп пайызын құрайтын, Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын иеленеттің резиденттің немесе консорциумның тұрған жері бойынша;

6) салық салу объектілерінің орналасқан және (немесе) тіркелген жері бойынша:

Қазақстан Республикасында салық салынатын объектілерді сатып алатын және (немесе) оларға иелік ететін резидент еместер үшін;

7) резидент-банктердің, бейрезидент-банк филиалының орналасқан жері бойынша:

резидент-банктерде, бейрезидент-банктердің филиалдарында ағымдағы шоттар ашатын және осы тармақтың 2) – 6) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру жүргізілмейтін бейрезиденттер үшін жүзеге асырылады.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.12.10 № 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.12.24 № 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.12.26 № 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2013.01.29 № 74-V (алғашқы ресми жарияланғанын

кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 421-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.11.2016 № 26-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.12.2017 № 122-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.11.2019 № 272-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 327-VI ("Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" ҚР Кодексіне (Салық кодексі) тиісті өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен кейін қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 50-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2024 № 82-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.05.2024 № 86-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **10-бап. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінен сәйкестендіру нөмірін алып тастау немесе шартты түрде алып тастау**

1. Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінен жеке сәйкестендіру нөмірі:

- 1) жеке тұлға қайтыс болғанда алып тасталады.
- 2) алып тасталды - ҚР 25.11.2019 № 272-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 3) алып тасталды - ҚР 25.11.2019 № 272-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 4) алып тасталды - ҚР 25.11.2019 № 272-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 5) алып тасталды - ҚР 25.11.2019 № 272-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 6) алып тасталды - ҚР 25.11.2019 № 272-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Жеке сәйкестендіру нөмірі:

- 1) ол туралы мәліметтер өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен, көлемде және мерзімде ұсынылатын жеке тұлғаны хабарсыз кеткен деп тану туралы сот шешімі күшіне енгеннен кейін;

2) Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасынан кеткен кезде;

2-1) Қазақстан Республикасының аумағынан шығарып жіберілген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар кеткен кезде;

3) асырап алынған бала туралы мәліметтер, оның дербес деректері өзгерген кезде бала асырап алу туралы сот шешімі құшіне енгеннен кейін;

4) сottың жеке тұлғаны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі құшіне енгеннен кейін;

5) жеке тұлға республиканың шегінен тыс жерге тұрақты тұрғылықты тұруға кеткен жағдайда;

6) алып тасталды – ҚР 16.05.2024 № 82-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

7) алып тасталды – ҚР 16.05.2024 № 82-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

8) алып тасталды – ҚР 16.05.2024 № 82-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

9) сottың бала асырап алу туралы шешімінің құші жойылған жағдайда, Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шартты тұрде алып тасталады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 2-1) және 5) тармақшаларында көзделген жағдайларда, жеке тұлғаларды қайтадан және кейіннен тіркеу кезінде бұрын қалыптастырылған жеке сәйкестендіру нөмірі бар құжат беріледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда жеке тұлғалардың жеке сәйкестендіру нөмірі сottың бала асырап алу туралы не жеке тұлғаны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімінің құші жойылғаннан кейін қалпына келтіруге жатады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 9) тармақшасында көзделген жағдайда жеке тұлғалардың жеке сәйкестендіру нөмірі сottың бала асырап алу туралы шешімінің құшін жою туралы сот шешімінің құші жойылғаннан кейін қалпына келтіруге жатады.

3. Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен бизнес-сәйкестендіру нөмірі:

1) занды тұлға (филиал, өкілдік) таратылған кезде;

1-1) қызмет нысанасы қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын шетелдік занды тұлға филиалының қызметі тоқтатылған кезде;

2) бірлескен дара кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыруды тоқтатқан кезде;

3) резидент емес занды тұлғаның салық салу объектілеріне және салық салумен байланысты объектілерге құқығы тоқтатылған кезде;

4) бейрезидент- занды тұлға резидент-банктегі, бейрезидент-банк филиалындағы ағымдағы шотын жапқан жағдайда;

5) резидент емес занды тұлға Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан және Қазақстан Республикасынан кетіп қалған жағдайда алып тасталады.

4. Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен бизнес-сәйкестендіру нөмірін шартты түрде алып тастау жүргізілмейді.

5. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінен сәйкестендіру нөмірін алып тастау немесе шартты түрде алып тастау мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері негізінде жүргізіледі. Алып тасталған немесе шартты түрде алып тасталған сәйкестендіру нөмірлері сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінің ақпараттық жүйелерінің базасында сақталуға тиіс.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2013.01.29 № 74-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.11.2019 № 272-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 16.05.2024 № 82-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## 11-бап. Мәліметтер құпиясы

1. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінде қамтылған, жалпыға қолжетімді болып табылатын ақпараттан басқа, мәліметтер:

1) уәкілетті органның жазбаша рұқсатының негізінде сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінің ақпараттық жүйелері деректерін өзектілік жағдайда ұстая мақсатында тіркеуші органдарға;

2) занға сәйкес қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органдарға;

3) құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық белгілеу туралы істерді қарau барысында соттарға;

3-1) кредиттік тарих дерекқорын қалыптастыру мақсатында мемлекет қатысатын кредиттік бюроға;

3-2) міндепті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің ақпараттық жүйесінің және электрондық ақпараттық ресурстарының деректерін қалыптастыру мақсатында әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына;

3-3) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастырын тәртіппен бизнес-әріптердің тізілімін жасау, жүргізу және пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына;

3-4) орталық депозитарийдің есепке алу жүйесін жүргізу мақсатында орталық депозитарийге;

3-5) заң көмегін көрсету шеңберінде адвокаттық сұрау салуды жазбаша нысанда немесе заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландарылған электрондық құжат нысанында жіберу кезінде адвокаттарға;

3-6) қаржы мониторингін жүзеге асыратын және қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға, жаппай

қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөнінде өзге де шараларды қабылдайтын уәкілетті мемлекеттік органға;

3-7) электрондық күжат айналымы шеңберінде электрондық абоненттік пошта жәшіктері бірыңғай жүйесінің жұмыс істеуі мақсатында Ұлттық пошта операторына;

3-8) елді мекендер шекараларының шегінде тұрғын үй қорын басқару, газ және газбен жабдықтау салаларындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде мемлекеттік бақылау мен қадағалауды және елді мекендер шекараларының шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын тұрғын үй инспекциясына;

3-9) нысаналы талаптарға қатысуышылар мен нысаналы жинақтарды алушылардың дереккорын қалыптастыру және ақпараттық жүйеде олардың есебін жүргізу үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына;

3-10) алайқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығының қызметі және алайқтық белгілері бар төлем транзакцияларын болғызыбауға бағытталған шараларды іске асыру мақсатында, сондай-ақ клиенттерді қашықтан биометриялық сәйкестендіру қызметтерін көрсету үшін банкаралық ақша аударымдары жүйесінің операциялық орталығына;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де реттерде мәліметтерді беру жағдайларын қоспағанда, жария етуге жатпайды.

2. Жалпыға қолжетімді ақпаратты қоспағанда, жеке немесе заңды тұлғага қатысты ақпарат Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес жеке немесе заңды тұлғаның келісімімен беріледі.

3. Жеке және заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйелердің мемлекеттік дереккорының құжаттарын немесе өзге де ақпарат жеткізгіштерді жоғалтуға, сол сияқты қызметтік іс-әрекетіне байланысты аталған ақпаратқа қол жеткізе алатын адамдардың оларды заңсыз өзгертуіне жол берілмейді.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.12.24 № 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.11.2019 № 272-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.11.2021 № 73-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.03.2023 № 207-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2023 № 40-

VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.05.2024 № 86-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

## 12-бап. Қазақстан Республикасының сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

## 13-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң, 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 3-бабы 4-тармағының 4) және 5) тармақшаларын, 9-бабы 5-тармағының екінші бөлігін қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Туу туралы куәлікті қоспағанда, осы Заңның 9-бабының 3 және 4-тармақтарында көрсетілген құжаттарда қалыптастырылған сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда, 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап олар жарамсыз деп танылады.

2013 жылғы 1 қаңтарға дейін Кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы сыйыптауышының сәйкестендіру коды, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, әлеуметтік жеке коды пайдаланылады.

4. Алып тасталды - ҚР 21.06.2013 № 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Алып тасталды - ҚР 25.11.2019 № 272-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.07.15 № 327-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.01.12 № 538-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 21.06.2013 № 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.11.2019 № 272-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

Қазақстан Республикасының  
Президенті